

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған Айгүл Оразбекқызы Спатайдың **«Үздіксіз білім беруде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығын зерттеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері»** тақырыбында дайындаған диссертациясы бойынша тағайындалған ресми рецензент Есимғалиева Тлекши Махсотовнаның жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына	А.О. Спатайдың диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді, себебі, қоғамда орын алып отырған соңғы тың өзгерістерге орай, білім беру жүйесі өзінің іс-әрекеті, мақсаты мен мазмұнын қайта саралап, бағалау қажеттігі туындап отыр. Үздіксіз білім беру жағдайындағы педагогтар жайлы ұғым-түсініктер де өзгеруде. Дәл қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінің педагогтары белсенді, еркін және үнемі ізденісте болатын, педагогикалық жаңалықтар мен инновацияларды ендіруші аса жауапты тұлға деп қарастырылады. Әрине осыған сәйкес кәсіби білімдерін ойлаудың инновациялылығымен және білімдік мәселелерді тәжірибеге бағытталған, зерттеушілік көзқараспен шеше алатын өзге сападағы педагогтарды даярлау қажеттілігі туындайды. Осыған орай үздіксіз білім берудегі педагогтардың даярлығы, ағылшын тілін меңгеруге даярлығы мәселелері маңыздылығын жоймайтын өміршең болып қалады.

		сәйкес (бағытын көрсету)	
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Докторанттың диссертациялық жұмысының мазмұны ғылымның дамуына елеулі үлес қосады және аталмыш жұмыстың маңыздылығы жақсы ашылған. Бұл докторанттың отандық және шетелдік әдебиеттерге жүргізген терең талдауымен, сондай-ақ жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығымен расталады.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмысты орындауда докторанттың өзі дербес түрде жазу деңгейінің жоғары екендігін көрсетіп, тиісті талаптарды орындауынан байқауға болады.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлік принципінің өзектілігі талапқа сай дайындалған. Тақырыптың өзектілігі, зерттеудің мақсаты мен міндеттері, зерттеу әдістері, ғылыми жаңашылдығы, диссертациялық жұмыстың тұжырымдары мен практикалық маңыздылығы, қорытындылары ішкі бірлікке негізделіп, орындалғанын атап айтуға болады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Диссертация құрылымы кіріспе, үш бөлімнен, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Кіріспеде диссертациялық жұмыстың өзектілігі анықталып, ғылыми-зерттеу жұмысының ғылыми аппараты дәйекті құрылған. Бірінші бөлімде психологиялық-педагогикалық, психолінгвистикалық әдебиеттердегі және жалпы

		үздіксіз білім берудің дамуы, қазіргі таңдағы барысына талдау жасалып, тұжырымды ғылыми еңбектерге сілтемелі талдау жасаған. Екінші бөлімде инновациялық әлеуметтену, инновациялық технологиялар деген атаулар зерттеу өзегін құраған феномендердің теориялық талдану жайы сөз етіліп, педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлаудың заманауи белгіленген трендтері, яғни, инновациялық бітімдегі педагогтар даярлау жайы орын алған. Үздіксіз білім беруде педагогтарды ағылшын тілін меңгеруге инновациялық тұрғыдандаярлаудың психологиялық маңыздылық ерекшеліктері Отандық ғалымдар көзқарастары тұрғысынан қалыптастырудың әдістемелік негіздері қарастырылған. Үшінші бөлімде ағылшын тілін меңгертуде біріккен-диалогты танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру мен белсенді оқыту әдістерін автордың үздіксіз білім беру жүйесі базаларында (№7 Қ.Сыпатаев ІТ мектеп-лицейі, Шымкент жоғары педагогикалық колледжі, Silkway халықаралық университеті, яғни жоғары оқу орны) арнайы әзірлеген «Педагогты кәсіби қызметке психологиялық-педагогикалық дайындау әдістемесі (ағылшын тілін меңгерту құзыреттілігі негізінде)» мен «Үздіксіз кәсіби білім беру педагогтарының (ағылшын тілі) инновациялық іс-әрекеті» тақырыптарындағы авторлық курс, оқу-әдістемелік кешендерін қолданылғаны және
--	--	---

		үздіксіз білім беру жағдайында педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге кәсіби даярлығының кезеңдерін, ағылшын тілін меңгеруге даярлықты анықтау бойынша мотивацияның құрылымдық компоненттерін өзара байланысын көрсету жайы, педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлықтары қалыптасқандығының критерийлері мен көрсеткіштері туралы тұжырымдар орын алады. Диссертация мазмұнында диссертант респонденттердің жаңартылған білім беру мазмұнында және Блум таксономиясын қолдану арқылы ағылшын тілінен білімнің берілуін эмпирикалық тұрғыдан зерттеуі де тиісті ретпен жүйелі келтірілген. Қорытындыда тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері негізінде ғылыми ұсыныстар берген, жалпы тұжырымдар жасаған. Қосымшада диссертациялық жұмысқа енбеген, зерттеу барысында пайдаланылған материалдар, зерттеу әдістемелерінің хаттамалары, оқу процесіне ендіру актілері орын алған.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкескеледі. Зерттеудің мақсаты: педагогтардың кәсіби қызметке бейімделу міндеттерін шешуге көзделген үздіксіз білім беру жүйесінде тіл меңгеруге даярлықтарын анықтауда психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерді

		теориялық негіздеу және эксперименттік тексеру. Зерттеудің негізгі міндеттері: 1. Үздіксіз білім беру жүйесінде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге дайындығын теориялық-әдістемелік тұрғыдан анықтап, негіздеу; 2. Үздіксіз кәсіптік оқытудағы инновациялық оқыту әдістерінің мәнін нақтылап анықтау; 3. Үздіксіз білім берудегі белсенді оқыту әдістерінің жүйесін және оның қолданылу тәсілдерін теориялық тұрғыдан негіздеп, жасау және эксперименттік жолмен тексеру; 4. Біріккен-диалогты танымдық әрекет үздіксіз білім беру жүйесіндегі оқыту процесінің мақсаты, әрі ең жоғарғы тиімділікке жету шарты болуын дәлелдеу; 5. Оқытудың белсенді әдістері (іскерлік ойындары, әлеуметтік-психологиялық тренингтер, кәсіби ойындар т.б.) өте тиімді деп есептеліп, олардың ұйымдастырылуының психологиялық негізі болып біріккен-диалогты танымдық әрекет алға шығуы; 6. Үздіксіз кәсіби білім берудегі кәсіби ойындар жүйесін және оның қолданылу тәсілдерін теориялық тұрғыдан негіздеп, жасау және эксперименттік жолмен тексеру.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>ТОЛЫҚ</u>	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері толығымен өзара байланысты және логикалық дәйектілікпен сипатталатын тұтас зерттеуді білдіреді.

		<u>байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.	Бұрын белгілі болған шешімдерді сыни талдау негізінде ізденуші диссертациялық зерттеудің мазмұнын көрсететін өз шешімдерін ұсынған және дәлелдей білген.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылады, себебі: - бірінші нәтиженің ғылыми жаңалығы үздіксіз білім беру жағдайында педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығы мәселесін зерттеуде психологиялық, педагогикалық еңбектерге жасалған талдаулар теориялық тұрғыда негізделуі; - екінші нәтиженің жаңалығы «үздікіз білім беру», «құзыреттілік», «лингвәдістемелік даярлық», «біріккен-диалогты танымдық іс-әрекет» ұғымдарының мәні нақтыланды; - үшінші нәтиженің жаңалығы педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерінің қаралуы;

		- төртінші нәтиженің жаңалығы педагогтардың ағылшын тілін меңгеруінің құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалып, критерийлер мен көрсеткіштері ғылыми тұрғыда негізделуі; - бесінші нәтиженің жаңалығы педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін анықтаудың әдістемесі ретінде арнайы кешенді эмпирикалық зерттеу бөлімі құрастырылып, нәтижелерінің берілуі; докторанттың «Педагогты кәсіби қызметке психологиялық-педагогикалық дайындау әдістемесі (ағылшын тілін меңгерту құзыреттілігі негізінде)» мен «Үздіксіз кәсіби білім беру педагогтарының (ағылшын тілі) инновациялық іс-әрекеті» тақырыптарындағы авторлық курс, оқу-әдістемелік кешендерін жасап апробациялауы.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Диссертацияның тұжырымдары толығымен жаңа, зерттеу мақсатына сәйкес қойылған міндеттердің шешімін толық көрсетеді.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және толығымен негізделген болып табылады.

		бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияның негізгі қағидалары нәтижелері мен тұжырымдары, қорытындылары 11, оның ішінде: 6 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Scopus халықаралық ақпараттар ресурстарына кіретін журнал жарияланымында, 4 мақала шетелдік халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарияланған.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) <u>шамамен</u> дәлелденді; 3) <u>шамамен</u> дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 7.4 Қолданудеңгейі: 1) тар; 2) орташа;	7.1. Барлық негізгі қағидаттар дәлелденген. 7.2. Жоқ. 7.3 Жаңа. 7.4. Қолдану деңгейі кең. 7.5. Ия.

		3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденгенбе? 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	
8	Дәйектілік принципі дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Әдіснаманы тандауы толығымен негізделген және әдіснама нақты жазылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Жалпы, А.О. Спатайдың зерттеу нәтижелері оң нәтиже берді, оның сенімділігі математикалық статистика әдістерімен, атап айтқанда тиісті диаграммаларда көрсетіліп дәлелденген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық	Теориялық қорытындылар, модельдер, критерийлер мен көрсеткіштер анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген. Алынған нәтижелер теориялық және тәжірибелік тұрғыда дәлелденген және расталған.

		эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған/расталмаған	Докторант диссертациялық жұмыста мәлімдемелерді өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелермен растаған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> / жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлық 196 пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілген, оның арасында Отандық, алыс жақын шетел ғалымдарының еңбектері, ғаламтордың сілтеме ақпараттары да бар.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Ия, диссертацияның теориялық құнды маңыздылығы бар, өйткені докторант «үздіксіз білім беру», «линвоәдістемелік», «кұзыреттілік», «біріккен-танымдық іс-әрекет», «кәсіби ойындар» ұғымдарын психологиялық-педагогикалық тұрғыда кеңінен нақтылаған, мәнін терең сипаттап ашқан.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Зерттеудің практикалық маңыздылығы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары екенін көруімізге болады. «Педагогты кәсіби қызметке психологиялық-педагогикалық дайындау әдістемесі (ағылшын тілін меңгерту құзыреттілігі негізінде)» мен «Үздіксіз кәсіби білім беру педагогтарының (ағылшын тілі) инновациялық іс-әрекеті» тақырыптарындағы авторлық курс, оқу-әдістемелік кешендерін

			қолданып, әрі оны докторанттың апробациялауы аталмыш диссертациялық зерттеу жұмысының құндылығын одан сайын арттырып отыр. Зерттеу нәтижелерін үздіксіз білім беру жүйелері (жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында, жалпыға білім беретін мектептерде, біліктілікті арттыру орталықтары) білім беру үдерісінде пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан	Академиялық жазу сапасы талапқа сай, жоғары.

Сонымен, қорытындылай келе, аталмыш диссертациялық жұмыста жоғарыда көрсетілген жетістіктермен қатар кемшіліктер мен ұсыныстар бар екендігін айтқым келеді:

1. Жалпы білім беретін орта мектеп мұғалімдерінің ағылшын тілін меңгеруіне қатысты және оларға тілді меңгертудің тиімді жолдарын көрсету жағына баса назар аударылса;
2. Педагогтардың ағылшын тілін меңгеруінде қазіргі сандық сауаттану тұрғысынан да даярлауға назар аударылса.

Дегенменен, бұл айтылған кемшіліктер мен ұсыныстар диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұны мен жалпы өзектілігіне айтарлықтай нұқсан келтірмейді, әрі маңызды құндылығын жоймайды.

Спатай Айгүл Оразбекқызының «Үздіксіз білім беруде педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығын зерттеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынған талаптарына сәйкес орындалған.

Қорыта келгенде, Спатай Айгүл Оразбекқызы 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін иеленуге лайықты деп есептеймін.


Ресми рецензент:

6D010300 «Педагогика және психология»


мамандығы бойынша философия докторы (PhD),

Логистика және көлік академиясының

ассистент-профессоры



Т.М. Есімғалиева

 Исмаилов М.С.